

Қазақстан Республикасының шикізат саясатының тұжырымдамасы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 7 желтоқсандағы N 1381 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 4 мамырдағы N 406 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.05.04 N 406 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі ұсынған жер қойнауын пайдалануды және қорғауды басқару мен бір жүйеге келтіру тұжырымдамасы және Қазақстан Республикасының пайдалы қазбалар кен орындарын геологиялық зерттеу мен игерудің инвестициялық бағдарламасы мақұлданын.

Қазақстан Республикасының Экономика министрлігінің Қазақстан Республикасының шикізат саясатының тұжырымдамасы жөніндегі хабары назарға алынысн.

2. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігіне, Геология және жер қойнауын қорғау министрлігіне:

Қазақстан Республикасының шикізат саясаты тұжырымдамасы және пайдалы қазбалар кен орнын геологиялық зерттеу мен игерудің инвестициялық бағдарламасы жайында құжаттар пакетін құрастырып, салалық министрліктер мен мекемелерге, облыс әкімдеріне пайдалануға жіберу;

пайдалы қазбалар кен орындарын геологиялық зерттеу мен игерудің инвестициялық бағдарламасын кеңінен насихаттап және баспасөзде жариялап, сонымен қатар бұл жұмысты жандандыру жүктелсін.

3. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі пайдалы қазбалар кен орындарын геологиялық зерттеу мен игерудің инвестициялық бағдарламасын республика экономика дамуының индикативтік жоспарына енгізісін.

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Ақпаратты қорғау жөніндегі мемлекеттік комиссиясы Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігімен бірлесе отырып, қажет мәліметтермен инвесторлардың танысу мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында, геологиялық-экономикалық мәліметтерді құпиясыздандыру жөнінде қабылдаған тәртіппен ұсыныс енгізісін.

5. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігінің қатысуымен әлемдік минералдық-шикізат кешеніне, шикізаттық өнімдерді сатуға , өндіруге және пайдалануға конъюнктуралық шолуды дайындауды қамтамасыз етсін, сонымен қатар Қазақстанның әлемдік баланстағы стратегиялық жағдайын анықтау мақсатында дамыған және дамушы мемлекеттердің шикізаттық саясаты туралы мәліметтер жинақтасын.

Конъюнктуралық шолу Қазақстан Республикасының Үкіметіне және қатысты мекемелерге жыл сайын 1-ші маусымда тапсырылып отырсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-министрі